Шизофрения – бұл "позитивті" және "негативті" симптомдары бар ауру. Позитивті симптомдар – бұл қалыпты жағдайда болмайтын симптомдар. Мысалы, шизофрениядан зардап шеккен адам дауыстарды ести алады немесе іс жүзінде жоқ заттарды көре алады (бұл елестеулер деп аталады), жалған мәлімдемелерге (сандырақ) сенеді, басқа адамдарға шамадан тыс күдікті сезінеді. Негативті симптомдар – бұл қалыпты жағдайда болатын мінез-құлық және/немесе эмоция көріністерінің болмауын білдіретін симптомдар. Мысалы, шизофрениямен ауыратын адам өз ойына батып, эмоционалды түрде жауап бермеуі немесе өз ойларын нақты әрі логикалық түрде айтуы қиын болуы мүмкін. Бұл аурумен ауыратын адамдар депрессияны, үрейді, кінәні немесе зер салуды сезінуі мүмкін.

Бианли препараты осы аурудың симптомдарын жеңілдетуге және олардың қайта пайда болу қаупін азайтуға көмектеседі.

2. Бианли препаратын қолданар алдында нені білу керек

Қолдануға болмайтын жағдайлар

Бианли препаратын қолданбаңыз:

- егер сізде палиперидонға немесе препараттың кез келген басқа компоненттеріне аллергия болса (қосымша парақтың 6-бөлімінде көрсетілген).
- егер сізде рисперидонға аллергия болса.

Айрықша нұсқаулар және сақтандыру шаралары

Бианли препаратын қолданар алдында емдеуші дәрігермен, дәріхана қызметкеріден немесе медбикеден кеңес алыңыз.

Бұл дәрілік препарат деменциясы бар егде жастағы пациенттерде зерттелмеген. Алайда, басқа ұқсас препараттармен ем алатын деменциясыға шалдыққан егде жастағы пациенттерде инсульт немесе өлім қаупі жоғары болуы мүмкін (*Ықтимал жағымсыз реакциялар* 4-бөлімді қараңыз).

Барлық дәрілік препараттардың жағымсыз реакциялары бар және осы дәрілік препараттың кейбір жағымсыз реакциялары басқа клиникалық жағдайлардың симптомдарын күшейтуі мүмкін. Осы себепті емдеу кезінде нашарлауы мүмкін келесі жағдайлардың кез-келгенін дәрігермен талқылау маңызды:

- Паркинсон ауруы;
- егер сіз "Леви денешіктерімен деменция" деп аталатын деменцияның айрықша түріне шалдыққан болсаңыз;
- егер бұрын симптомдары жоғары температураны және бұлшықет сіресуін (тонустың жоғарылауы, сіресу) (қатерлі нейрорептикалық синдромы) қамтитын жай-күй бұрын диагностикаланса;

- егер беттің, тілдің немесе дененің басқа бөліктері бұлшықеттерінің еріксіз жиырылуымен немесе тартылуымен қатар жүретін жағдай (кеш дискинезия) байқалса;

- егер бұрын лейкоциттердің төмен деңгейі байқалса (оның ішінде басқа дәрілік заттарды қабылдаудан туындаған);

- қант диабеті немесе қант диабетіне бейімділік болған кезде;

- анамнезінде сүт безінің обыры немесе ми гипофизінің ісіктері;

- жүрек ауруы немесе салдарынан төмен артериялық қысымға бейімділік пайда болатын жүрек ауруын емдеу;

- егер сізде кенет тұрғанда немесе жатқан қалпынан кенет отырғанда артериялық қысымыңыз төмендесе;

- анамнездегі құрысу ұстамалары;

- бүйрек функциясының бұзылуы;

- бауыр функциясының бұзылуы;

- ұзақ және / немесе ауырсынатын эрекция кезінде;

- дене температурасының реттелімі бұзылған кезде немесе дене температурасының көтерілуіне кінәраттар болғанда;

- қандағы пролактин гормонының аномальді жоғары деңгейінде немесе пролактинге тәуелді ісіктің болу ықтималдылығы;

- жеке немесе отбасылық анамнезде тромбтар, себебі психозға қарсы дәрілерді қолдану тромбтардың түзілуімен астасады.

Осы жағдайлардың кез-келгені болған кезде емдеуші дәрігермен кеңесіңіз, дәрігер дозаны түзетуді немесе сіздің жағдайыңызды біраз уақыт бақылауды қажет деп санауы мүмкін.

Инфекциямен күресу үшін қажетті белгілі бір типтегі лейкоциттердің саны аса төмен (өте сирек) болған жағдайлардың байқалғанына байланысты, осы препаратты қабылдаған пациенттерде емдеуші дәрігерге лейкоциттердің деңгейін бақылау қажет болуы мүмкін.

Егер сізде бұрын пероральді палиперидонға немесе рисперидонға жағымдылық жақсы болса да, Бианли препаратын енгізгеннен кейін сирек жағдайларда аллергиялық реакциялар дамыған. Егер сізде бөртпе, тамақтың ісінуі, қышыну немесе тыныс алу кінәраттары болса, дереу дәрігерге қаралыңыз, себебі бұл ауыр аллергиялық реакцияның белгілері болуы мүмкін.

Бұл препарат дене салмағының артуына немесе жоғалуына әкелуі мүмкін. Дене салмағының айтарлықтай өзгеруі денсаулық жағдайына теріс әсер етуі мүмкін. Емдеуші дәрігер дене салмағын үнемі өлшеп отыруы керек.

Қант диабеті немесе қант диабетінің өршуі осы дәрілік препаратты қабылдайтын пациенттерде байқалды, сондықтан емдеуші дәрігер қандағы жоғары қант деңгейінің белгілерінің пайда болуын бақылауы керек. Қант диабетіне шалдыққан пациенттерде қандағы глюкоза деңгейін үнемі бақылап отыру керек.

Бұл препарат жүрек айнуын және құсуды басатындықтан, уытты заттармен улануға немесе басқа медициналық жағдайларға организмнің қалыпты реакциясын бүркемелеуі мүмкін.

Катарактаға қатысты операциялар

Егер көзге операция жасау жоспарланса, офтальмолог дәрігерге осы дәрілік препаратты қабылдау туралы хабарлаңыз. Бұл катарактаға қатысты операция кезінде көзбұршақтың бұлдырлауы болып табылатын келесі фактіге байланысты:

- қарашық (көздің ортасындағы қара шеңбер) қажетті мөлшерге дейін ұлғаймауы мүмкін;
- нұрлы қабық (көздің түрлі-түсті бөлігі) операция кезінде босаң болып, бұл көздің зақымдануына әкеп соғуы мүмкін.

Балалар мен жасөспірімдер

Аталған препаратты балалар мен 18 жасқа дейінгі жасөспірімдерде қолданбаңыз. Пациенттердің осы тобындағы қауіпсіздігі пен тиімділігі белгісіз.

Басқа препараттар және Бианли препараты

Егер Сіз қандай да бір басқа препараттарды қабылдап жүрсеңіз, жақында қабылдаған болсаңыз немесе қабылдауды бастауыңыз мүмкін болса, емдеуші дәрігерге хабарлаңыз.

Осы дәрілік препаратты карбамазепинмен (эпилепсияға қарсы дәрі және көңіл-күйді тұрақтандырғыш) қабылдаған кезде осы препараттың дозасын түзету қажет болуы мүмкін.

Берілген препарат негізінен миға әсер етеді, сондықтан басқа да психотроптық дәрілер, апииндар, антигистаминді препараттар және ұйықтататын дәрілер сияқты миға әсер ететін басқа дәрілік заттарды қолдану ұйқышылдық немесе ми тарапынан болатын басқа да әсерлер сияқты жағымсыз әсерлердің күшеюіне себеп болуы мүмкін.

Егер сіз бұл препаратты ұзақ уақыт бойы рисперидонды немесе палиперидонды ішке қабылдаумен бір мезгілде қабылдасаңыз, дәрігеріңізге хабарлаңыз. Сізге Бианли дозасын өзгерту қажет болуы мүмкін.

Бұл препарат артериялық қысымды төмендете алады, сондықтан оны артериялық қысымды төмендететін басқа препараттармен бірге қолданған кезде сақтық таныту керек.

Бұл препарат Паркинсон ауруы мен мазасыз аяқ синдромын (мысалы, леводопа) емдеуге арналған препараттардың әсерін бәсеңдетуі мүмкін.

Бұл препарат жүректің белгілі бір бөліктері арқылы электр импульсінің өту кезеңінің ұлғаюы түрінде көріністелетін ("QT аралығының ұзаруы" ретінде белгілі), электрокардиограммада (ЭКГ) ауытқуларды туындатуы мүмкін. Мұндай әсер ететін басқа препараттар жүрек ырғағын қалыпқа келтіру, инфекцияларды емдеу және психозға қарсы басқа да препараттарды қамтиды.

Егер сізде бұрын-соңды ұстамалар болса, бұл препарат олардың пайда болу қаупін арттыруы мүмкін. Осындай әсер депрессияны, инфекцияларды емдеу үшін қолданылатын кейбір препараттар және психозға қарсы басқа дәрілер туындатуы мүмкін.

Бианли препаратын орталық жүйке жүйесінің белсенділігін арттыратын препараттармен (метилфенидат сияқты психостимуляторлармен) қолданған кезде сақтық таныту керек.

Бианли препараты алкогольмен бірге

Алкогольді тұтынудан аулақ болу керек.

Жүктілік және бала емізу

Егер Сіз жүкті болсаңыз немесе бала емізетін болсаңыз, жүктімін деп ойласаңыз немесе жүктілікті жоспарласаңыз, препаратты қабылдауды бастар алдында дәрігерден немесе дәріхана қызметкерінен кеңес алыңыз.

Бала туу жасындағы әйелдер

Бұл препаратты бір рет қабылдағаннан кейін, ол сіздің организміңізде 4 жылға дейін қалады, бұл бала үшін қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан, Бианли препаратын балалы болуды жоспарлаған әйелдерде шарасыз қажеттілік болған жағдайда ғана қолдану керек.

Жүктілік

Егер емдеуші дәрігер талқыланбаған болса, бұл препаратты жүктілік кезінде қолдануға болмайды. Аналары палиперидонды соңғы триместрде (жүктіліктің соңғы үш айында) қолданған жаңа туылған нәрестелерде келесі симптомдар болуы мүмкін: тремор, бұлшықеттердің сіресуі (тонустың жоғарылауы, сіресу) және/немесе әлсіздігі, ұйқышылдық, қозу (ажитация), тыныс алу кінәраттары және емізумен туындаған қиындықтар. Жаңа туған нәрестелерді мұқият қадағалаңыз, ал сіздің балаңызда жоғарыда көрсетілген симптомдардың қайсыбіреуі дамыған жағдайда оған медициналық көмек сұраңыз.

Бала емізу

Бұл препарат анадан нәрестеге емшек сүтімен берілуі мүмкін. Тіпті соңғы енгізуден кейін ұзақ уақыт өтсе де бұл балаға зиян тигізуі мүмкін. Сондықтан, егер сіз осы препаратты қабылдап жүрсеңіз немесе оны соңғы 4 жыл ішінде қабылдаған болсаңыз, емшекпен емізбеуіңіз керек.

Көлік құралдарын басқару және механизмдермен жұмыс істеу

Берілген препаратпен емдеу кезінде бас айналу, қатты қажу және көру кінәраттары пайда болуы мүмкін. Мұны жоғары зейін қоюды қажет ететін жағдайларда, мысалы, көлік құралын басқару немесе механизмдерді пайдалану кезінде ескеру қажет.

Бианли препаратының құрамында натрий бар

Бұл дәрілік препараттың құрамында бір дозаға 1 ммольден аз (23 мг) натрий бар, яғни іс жүзінде құрамында натрий жоқ.

3. Бианли препаратын қолдану

Препаратты әрқашанда емдеуші дәрігердің ұсынымдарына толық сәйкес түрде қабылдаңыз. Күмән пайда болған жағдайда емдеуші дәрігерден кеңес алыңыз.

Ұсынылатын доза

Берілген препаратты дәрігер немесе басқа медицина қызметкері енгізеді. Емдеуші дәрігер келесі инъекцияны алу қажет болғанда хабарлайды. Жоспарланған дозаны өткізіп алмау маңызды. Дәрігердің қабылдауына келу мүмкіндігі болмаған жағдайда, жақын арада қабылдауға жазылу үшін міндетті түрде дәрігермен байланысу қажет.

Бианли препаратының инъекциясы 6 айда 1 рет бөксеге жасалатын болады.

Сіздің симптомдарыңызға байланысты дәрігер келесі жоспарланған инъекциямен алатын дәрінің дозасын арттыруы немесе азайтуы мүмкін.

Бүйрек функциясы бұзылған пациенттер

Бүйрек функциясының шамалы бұзылуы кезінде емдеуші дәрігер сіз алған 1 айлық немесе 3 айлық инъекциялық палиперидон пальмитатының дозасына сүйене отырып, Бианли препаратының қолайлы дозасын анықтайды. Бианли препаратын 1000 мг дозада қолдану ұсынылмайды.

Бұл препаратты орташа және ауыр дәрежедегі бүйрек функциясының бұзылуы кезінде қолдануға болмайды.

Балалар мен жасөспірімдер

Бұл препаратты 18 жасқа толмаған балалар мен жасөспірімдерге қолданбаңыз. Пациенттердің бұл тобындағы қауіпсіздігі мен тиімділігі белгісіз.

Егде жастағы пациенттер

Егер сізде бүйрек функциясы төмендесе, емдеуші дәрігер осы препараттың тиісті дозасын анықтайды.

Енгізу жолы және (немесе) тәсілі

Бианли препараты бөксе бұлшықеттеріне бұлшықетішілік енгізуге ғана арналған.

Егер Сіз Бианли препаратын қажеттісінен артығырақ қабылдасаңыз

Бұл препарат медициналық бақылаумен енгізіледі, сондықтан препараттың артық мөлшерін енгізу ықтималдылығы аз.

Палиперидонның шамадан тыс дозасын алған пациенттерде келесі симптомдар байқалуы мүмкін: ұйқышылдық немесе седация, жүректің жиі соғуы, төмен артериялық қысым, электрокардиограммадағы ауытқу, беттің, дененің, қолдың немесе аяқтың баяу немесе аномальді қозғалысы.

Егер сіз Бианли препаратын қабылдауды ұмытып кетсеңіз

Егер Сіз жоспарланған инъекция жасалатын күнді өткізіп алсаңыз, жақын арада қабылдауға жазылу үшін дереу дәрігерге хабарласыңыз.

Егер Сіз Бианли препаратын қолдануды тоқтатсаңыз

Препаратты қолдануды тоқтатқан жағдайда шизофрения симптомдары ушығуы мүмкін. Емдеуші дәрігердің нұсқауынсыз емдеуді тоқтатуға болмайды.

Егер Бианли препаратын қолдану туралы сұрақтар туындаса, емдеуші дәрігерге немесе дәріхана қызметкеріне хабарласыңыз.

4. Ықтимал жағымсыз реакциялар

Барлық дәрілік препараттар сияқты, препарат жағымсыз реакцияларды туындатуы мүмкін, бірақ олар барлығында біліне бермейді.

Ауыр жағымсыз реакциялар

Егер сізде төменде көрсетілген жағымсыз реакциялардың қайсыбіреуі туындаса, сізге жедел медициналық көмек қажет болуы мүмкін. Дерек дәрігеріңізге хабарлаңыз немесе келесі жағдайларда жақын ауруханаға жүгініңіз:

- веналарда, әсіресе аяқ веналарында тромбтардың пайда болуы (*сирек*).
Симптомдар:

- О аяқтың ісінуін, ауырсынуын және қызаруын - "терен веналар тромбозын";
- О кеуденің ауыруын және өкпеге тарамдалған қантамырлар арқылы қан ұйындыларының енуінен туындаған тыныстың тарылуын - "өкпе артерияларының эмболиясын"

- инсульт белгілерін (*жиілігі белгісіз*) қамтиды. Симптомдар:
 - О психикалық жағдайдың кенеттен өзгеруін;
 - О беттің, қолдың немесе аяқтың кенеттен әлсіздігін немесе ұйып қалуын, әсіресе бір жақты, немесе түсініксіз сөйлеу, тіпті қысқа уақыт аралығына да;
- қатерлі нейрорептикалық синдром (*сирек*). Симптомдар:
 - О қызбаны, бұлшықеттердің сіресуін (тонустың жоғарылауы, сіресу), терлеуді немесе сананың көмескіленуін;
- ұзақ және / немесе ауырсынатын эрекцияны (приапизм) (*сирек*);
- тілдің, ауыздың, беттің немесе дененің басқа бөліктерінің тартылуын немесе кенеттен бақыланбайтын ырғақты қозғалысын (кеш дискинезия) (*жиі емес*);
- ауыр аллергиялық реакцияны (анафилаксиялық реакция) (*жиілігі белгісіз*) қамтиды. Симптомдар:
 - О қызбаны;
 - О ауыздың, беттің, еріннің немесе тілдің ісінуін;
 - О ентігуді;
 - О қышынуды, тері бөртпесін және кейде артериялық қысымның төмендеуін қамтиды.

Егер сізде бұрын ішке қабылдауға арналған респеридонға немесе палиперидонға жағымдылық жақсы болса, палиперидон инъекциясынан кейін сирек жағдайларда аллергиялық реакциялар пайда болды.

босаң нұрлы қабық синдромын, (көздің түрлі-түсті бөлігі) нұрлы қабық операция кезінде босаң болып, көздің зақымдануына әкеп соғуы мүмкін (*Катарактаға қатысты операция*) (*жиілігі белгісіз*).

- Стивенс-Джонсон синдромын немесе уытты эпидермальді некролизді қамтиды. Ауыз қуысында және ауыздың, мұрынның, көздің, сондай-ақ жыныс мүшелерінің айналасында пайда болуы мүмкін, дененің басқа бөліктеріне (*жиілігі белгісіз*) тарала отырып, күлдіреуіктің пайда болуымен және терінің қабыршақтануымен ауыр немесе өмірге қауіп төндіретін бөртпе.

Егер сіз жоғарыда көрсетілген жағымсыз реакциялардың қайсыбіреуін байқасаңыз, дереу дәрігеріңізге хабарлаңыз немесе жақын маңдағы ауруханаға барыңыз.

- Агранулоцитоз, қандағы инфекциямен күресу үшін қажет, белгілі бір типтегі лейкоциттер санының шамадан тыс төмендеуі (*жиілігі белгісіз*).

Басқа жағымсыз реакциялар

Өте жиі (10 адамның 1-ден көбінде болуы мүмкін):

- ұйықтау немесе ұйықтау қиындықтары.

Жиі (10 адамның 1-ден азында болуы мүмкін):

- әдеттегі суық тию симптомдары, несеп шығару жолдарының инфекциясы, тұмауға ұқсас жағдай;
 - Бианли препараты қан талдауы арқылы анықталатын пролактин гормонының деңгейін жоғарылатуы мүмкін (бұл тиісті симптомдарға әкелуі немесе әкелмеуі мүмкін). Проллактиннің жоғарылауы, атап айтқанда, келесі көріністеулермен қатар жүруі мүмкін: (ерлерде) сүт бездерінің ісінуі, эрекцияға қол жеткізуде немесе оны ұстап тұруда қиындықтар, басқа сексуалдық дисфункция; (әйелдерде) сүт бездеріндегі жайсыздық, етеккір оралымының болмауы немесе етеккір оралымының басқа кінәраттары;
 - қандағы қант деңгейінің жоғарылауы, дене салмағының артуы, дене салмағының төмендеуі, тәбеттің төмендеуі;
 - ашушандық, депрессия, мазасыздық;
 - паркинсонизм: бұл жағдай қозғалыстың баяулауын немесе бұзылуын, қимыл шектелісі сезімін немесе бұлшықеттердің түйілуін (қозғалыс үздік-создық болады), кейбір жағдайларда қозғалыстың "тұрып қалу" сезімін қамтуы мүмкін. Паркинсонизмнің басқа белгілеріне баяу тырпылдап жүру, тыныштық кезіндегі тремор, сілекей бөлінудің артуы және/немесе сілекей ағу және бет әлпетіндегі эмоцияның жоғалуы жатады;
 - мазасыздық, ұйқышылдық немесе зейін қоюдың төмендеуі;
 - дистония: бұлшықеттің баяу немесе тұрақты еріксіз жиырылуын қамтитын жағдай. Дистония дененің кез-келген бөлігіне әсер етуі мүмкін (және аномальді қалыпқа әкелуі мүмкін), ол көбінесе бет бұлшықеттеріне, соның ішінде көздің, ауыздың, тілдің немесе жақтың аномальді қозғалыстарына әсер етеді;
 - бас айналуы;
 - дискинезия: бұл жағдай еріксіз бұлшықет қозғалыстарын қамтиды, қайталанатын, спастикалық немесе қисық қозғалыстар немесе тартылу орын алуы мүмкін;
 - тремор (діріл);
 - бас ауыруы;
 - жүректің жиі соғуы;
 - жоғары артериялық қысым;
 - жөтел, мұрынның бітелуі;
 - іштің ауыруы, құсу, жүрек айнуы, іш қату, диарея, асқазанның қорытпауы, тіс ауыруы;
 - қандағы бауыр трансаминазалары деңгейінің жоғарылауы;
 - сүйектердегі немесе бұлшықеттердегі ауырсыну, арқаның ауыруы, буындардағы ауырсыну;
 - етеккір оралымының болмауы;
 - қызба, әлсіздік, қажу (шаршау);
 - инъекция орнындағы реакциялар, соның ішінде қышыну, ауыру немесе ісіну.
- Жиі емес (100 адамның 1-ден азында болуы мүмкін):*
- пневмония, кеуде қуысы ағзаларының инфекциясы (бронхит), тыныс алу жолдарының инфекциясы, синусит, қуық инфекциясы, құлақ инфекциясы, тонзиллит, тырнақтың зеңді инфекциясы, тері инфекциясы;

- қандағы лейкоциттер деңгейінің төмендеуі;
- анемия;
- аллергиялық реакция;
- қант диабеті немесе қант диабетінің өршуі, қандағы инсулин деңгейінің жоғарылауы (қант деңгейін бақылайтын гормон);
- тәбеттің артуы;
- тамақтанудың бұзылуына және дене салмағының аздығына әкелетін тәбеттің жоғалуы;
- қандағы триглицеридтердің (майлардың) жоғары деңгейі, қандағы холестериннің жоғарылауы;
- ұйқының бұзылуы, көтеріңкі көңіл-күй (мания), сексуалдық құмарлықтың төмендеуі, күйгелектік, түнгі қорқынышты түстер;
- естен тану, дене бөліктерін үнемі қозғалту қажеттілігі, тұрған кезде бас айналу, зейін қоюдың бұзылуы, сөйлеу кінәраттары, дәм сезудің жоғалуы немесе бұзылуы, ауырсыну шегі мен терінің сезімталдығының төмендеуі, терінің шымылдау, шаншу немесе ұйып қалу сезімі;
- көрудің бұлыңғырлануы, көздің инфекциясы немесе жедел эпидемиялық конъюнктивит, көздің құрғауы;
- айнаруды сезіну (вертиго), құлақтағы шуыл, құлақтың ауыруы;
- жүректің жоғарғы және төменгі бөліктері арасындағы өткізгіштіктің бұзылуы, жүректің электр өткізгіштігінің бұзылуы, жүректің QT аралығының ұзаруы, тұрған кезде жүректің жиі соғуы, жүрек соғуының баяулауы, жүректің электр қызметін тіркеу (электрокардиограмма немесе ЭКГ) кезіндегі ауытқулар, кеудедегі дірілдеу немесе қағу сезімі (жүректің қағуы);
- төмен артериялық қысым, тұрған кезінде төмен артериялық қысым (осы препаратты қабылдаған кейбір пациенттер әлсіздікті, бас айнаруды сезінуі мүмкін немесе кенеттен тұрғанда немесе жатқанда естен айырылуы мүмкін);
- еңтігу, тамақтың ауыруы, мұрыннан қан кету;
- іштегі жайсыздық, асқазан немесе ішек инфекциясы, жұтынудың қиындауы, ауыздың құрғауы, газдың шамадан тыс түзілуі немесе метеоризм;
- қандағы ГГТ (гамма-глутамилтрансфераза деп аталатын бауыр ферменті) деңгейінің жоғарылауы, қандағы бауыр ферменттері деңгейінің жоғарылауы;
- есекжем, қышыну, бөртпе, шаштың түсуі, экзема, терінің құрғауы, терінің қызаруы, акне, тері асты абсцессі, қабыршақтану және бастың түкті бөлігінің немесе дененің басқа бөліктерінің қышынуы;
- КФК (креатинфосфокиназа) деңгейінің жоғарылауы - қандағы ферменттердің бірі;
- бұлшықеттің түйілуі, буындар қозғалысының тежелуі, бұлшықет әлсіздігі;
- несеп ұстамау, жиі несеп шығару, несеп шығару кезіндегі ауырсыну;
- эректильді дисфункция, эякуляцияның бұзылуы, етеккір оралымының болмауы немесе оралымның басқа да кінәраттары (әйелдерде), ерлердегі сүт бездерінің дамуы, жыныстық дисфункция, сүт безінің ауыруы, сүт бездерінен сүттің бөлінуі;

- беттің, ауыздың, көздің немесе еріннің ісінуі, дененің, қолдың немесе аяқтың ісінуі;
- дене температурасының жоғарылауы;
- жүріс-тұрыстың өзгеруі;
- кеуденің ауыруы, кеудедегі жайсыздық, дімкәстану;
- терінің қатқылдануы;
- құлау.

Сирек (1000 адамның 1-ден азында болуы мүмкін):

- көз инфекциясы;
- кенелерден туындаған терінің қабынуы;
- қандағы эозинофилдер (лейкоциттер типі) деңгейінің жоғарылауы;
- тромбоциттер (қан кетуді тоқтатуға ықпал ететін қан жасушалары) деңгейінің төмендеуі;
- несеп көлемін бақылайтын гормонның жеткіліксіз секрециясы;
- несептегі қант;
- бақыланбайтын диабеттің өмірге қауіп төндіретін асқынулары;
- қандағы төмен қант деңгейі;
- суды шамадан тыс тұтыну;
- сананың шатасуы;
- сергектену кезінде қозғалыстар мен реакциялардың болмауы (кататония);
- түсінде жүру;
- эмоцияның болмауы;
- оргазмға жете алмау;
- тітіркендіргіштерге сезімтал болмау, естен айырылу, сананың төмен деңгейі, құрысулар (ұстамалар), тепе-теңдіктің бұзылуы;
- қимыл үйлесімінің бұзылуы;
- глаукома (көзішілік қысымның жоғарылауы);
- көз қозғалысымен кінәраттар, көзді ақшиту, көздің жарыққа жоғары сезімталдығы, көз жасының көп ағуы, көздің қызаруы;
- бастың бақыланбайтын дірілдеуі;
- жүрекшелер фибрилляциясы (аномальді жүрек ырғағы), жүректің тұрақсыз соғуы;
- ысыну;
- ұйқы кезіндегі тыныс алу кінәраттары (ұйқыдағы апноэ);
- өкпедегі іркіліс, тыныс алу жолындағы іркіліс;
- өкпедегі сырылдар;
- ысқырық дем;
- ұйқы безінің қабынуы;
- тілдің ісінуі;
- нәжістің тоқтамауы, өте қатты нәжіс, ішектің бітелуі;
- еріндегі сызаттар;
- препаратты қабылдаумен байланысты терідегі бөртпе, терінің қалыңдауы, қайызғақ;
- буындардың ісінуі;

- бұлшықет тінінің ыдырауы ("рабдомиолиз");
- несеп шығаруға қабілетсіздік;
- сүт бездеріндегі жайсыздық, сүт бездерінің ұлғаюы, емшектің ұлғаюы;
- қынаптан бөлінділер;
- өте төмен дене температурасы, қалтырау, шөлдеу сезімі;
- препаратты тоқтату симптомдары;
- инъекция орнында инфекциядан туындаған іріңнің жиналуы, терінің терең инфекциясы, инъекция орнындағы киста, инъекция орнындағы қанталау.

Белгісіз (қолда бар мәліметтерге сүйене отырып, пайда болу жиілігін анықтау мүмкін емес):

- суды шамадан тыс қауіпті тұтыну;
- түнгі ұйқы кезінде тамақтанудың бұзылуы;
- бақыланбайтын қант диабеті салдарынан кома;
- жылдам, үстірт дем алу, тамақты деммен ішке тартқаннан туындаған пневмония, дауыс бұзылысы;
- дененің әртүрлі бөліктеріне оттегі түсуінің төмендеуі (төмен қан ағымына байланысты);
- ішектің бітелуін туындататын ішек бұлшықетінің жеткіліксіз белсенділігі;
- тері мен көздің сарғаюы (сарғаю);
- тері түсінің өзгеруі;
- патологиялық қалпын қабылдау;
- жүктілік кезінде Бианли препаратын қабылдаған аналардан туылған жаңа туған нәрестелерде препараттың жағымсыз реакциялары және/немесе ашушаңдық, бұлшықеттің баяу немесе ұзақ жиырылуы, тремор, ұйқышылдық, тыныс алу немесе тамақтану кінәраттары сияқты тоқтату симптомдары болуы мүмкін;
- дене температурасының төмендеуі;
- инъекция орнындағы тері жасушаларының жансыздануы және инъекция орнындағы ойық жара.

Жағымсыз реакциялар туралы хабарлау

Егер сізде қандай да бір жағымсыз реакциялар пайда болса, дәрігерден кеңес алыңыз. Бұл нұсқаудың кез келген ықтимал жағымсыз реакцияларға, оның ішінде қосымша парақта келтірілмегендерге де қатысы бар. Сіз сонымен қатар дәрілік препараттардың тиімсіздігі туралы хабарламаларды қоса, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше – мемлекеттің аумағында анықталған жағымсыз реакциялар туралы дәрілік препараттарға болатын жағымсыз реакциялар (әсерлер) жөніндегі ақпараттық деректер базасына хабарлай аласыз. Жағымсыз реакциялар туралы хабарлай отырып, Сіз препараттың қауіпсіздігі туралы көбірек мәлімет алуға көмектесесіз.

Ресей Федерациясы

Денсаулық сақтау саласындағы федералды қадағалау қызметі (Росздравнадзор)

Мекенжайы: 109012, Мәскеу, Славян алаңы, 4 үй, құр. 1

+7 (495) 698-45-38, +7 (499) 578-02-30

pharm@roszdravnadzor.gov.ru

<http://roszdravnadzor.gov.ru>

Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитеті "Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы" ШЖҚ РМК

Астана қ., 010000, А. Иманов к-сі, 13

+7 (7172) 78-98-28

pdlc@dari.kz

<http://ndda.kz>

5. Бианли препаратын сақтау

Препаратты балалардың қолы жетпейтін жерде және олардың көздеріне түспейтін етіп сақтаңыз.

Препаратты картон қорапшада «дейін жарамды:» сөзінен кейін көрсетілген жарамдылық мерзімі (сақтау мерзімі) өткеннен кейін қолданбаңыз. Жарамдылық мерзімінің аяқталатын күні сол айдың соңғы күні болып табылады.

Тасымалдау және сақтау көлденең қалыпта жүзеге асырылады. Препараттың картон қорапшасындағы көрсеткілермен дұрыс бағдар көрсетілген.

Жарамдылық мерзімі (сақтау мерзімі)

Сақтау мерзімі 2 жыл.

Сақтау шарттары

Арнайы сақтау шарттарын қажет етпейді.

6. Қаптаманың ішіндегісі және басқа да мәліметтер

Бианли препаратының құрамында:

Әсер етуші зат палиперидон болып табылады. 1 мл суспензияның құрамында 312.0 мг палиперидон пальмитаты (200.0 мг палиперидонға баламалы) бар.

Басқа ингредиенттеріне жататындар: полисорбат 20, макрогол 4000 (полиэтиленгликоль 4000), лимон қышқылы моногидраты, натрий дигидрофосфаты моногидраты, натрий гидроксиді, инъекцияға арналған су.

Бианли препаратының сыртқы түрі және қаптамасының ішіндегісі

Босап шығуы ұзаққа созылатын бұлшықет ішіне енгізуге арналған суспензия.

Бөгде қосылыстардан бос ақ немесе ақ дерлік суспензия.

3.5 мл немесе 5.0 мл препараттан бромбутилді каучуктен жасалған ұштығы және бұлшықет ішіне енгізуге арналған инесі бар поршеньнің кері жүрісін полипропиленді шектегішпен жабдықталған циклоолефинді сополимерден жасалған шприцте.

Препараты бар алдын ала толтырылған шприцті полиэтилен үлбірімен жабылған пластик тұғырда қосымша парақпен және қолдану жөніндегі қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқаулықпен бірге картон қорапшаға салады.

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы

"Джонсон & Джонсон" ЖШҚ

121614, Ресей, Мәскеу, Крылатская көшесі, 17 үй, корп. 2

Байланыс телефондары:

Тел.: (495) 755-83-57

Факс: (495) 755-83-58

Эл.пошта: DrugSafetyRU@ITS.JNJ.com

Өндіруші

Дайын дәрілік түр өндірісі, сапаны бақылауды шығарушы бастапқы және екінші қаптама:

Янссен Фармацевтика НВ

Турнхоутсевег 30, Беерсе, 2340, Бельгия

Одақ аумағында тіркеу куәлігін ұстаушы өкілдерінің тізбесі

Тұтынушылардың барлық шағымдары тіркеу куәлігін ұстаушысының өкіліне жіберілуі керек

Ресей Федерациясы

"Джонсон & Джонсон" ЖШҚ

121614, Мәскеу, Крылатская көшесі, 17 үй, корп. 2.

Байланыс телефондары:

Тел.: (495) 755-83-57

Факс: (495) 755-83-58

Эл.пошта: DrugSafetyRU@ITS.JNJ.com

Қазақстан Республикасы

"Джонсон & Джонсон" ЖШҚ Қазақстан Республикасындағы филиалы

050040, Қазақстан, Алматы қ., Тимирязев к-сі, 42, 23 "А" павильоны

Байланыс телефондары:

Тел.: +7 727 356 88 11

Факс: 7 727 356 88 13

Эл.пошта: DrugSafetyKZ@its.jnj.com

Қосымша парақ қайта қаралды

<КК.АА.ЖЖЖЖ>

Басқа ақпарат көздері

Препарат туралы толық мәліметтер Одақтың веб-сайтында қамтылған.

Төменде келтірілген ақпарат тек медицина қызметкерлеріне арналған:

**Қолдану жөніндегі нұсқаулық
БИАНЛИ**

**босап шығуы ұзаққа созылатын бұлшықет ішіне енгізуге арналған
суспензия**


Маңызды: медицина қызметкері осы нұсқаулықты препаратты медициналық қолдану жөніндегі толық нұсқаулыққа (дәрілік препараттың жалпы сипаттамасына) қосымша ретінде оқып шығуы тиіс.

Қауіпсіздік туралы маңызды ақпарат

	Шприцті ұшымен жоғары қаратып ұстап, кем дегенде 15 секунд бойы ҚАРҚЫНДЫ сілкіңіз, сәл демалып, содан кейін 15 секунд бойы қайтадан сілкіңіз.
Тасымалдау және сақтау 	Картон қорапшасын көлденең қалпында тасымалдау және сақтау осы препараттың жоғары концентрациясын ескере отырып, суспензияны қайта қалыптастыру процесін жеңілдетеді.
Инъекцияға дайындық	Бианли препараты (6 айда 1 рет енгізуге арналған босап шығуы ұзаққа созылатын бұлшықет ішіне енгізуге арналған палиперидон пальмитатының суспензиясы) айына 1 рет енгізуге арналған әсер етуі ұзаққа созылатын бұлшықет ішіне енгізуге арналған палиперидон пальмитатының суспензиясына қарағанда анағұрлым ұзақ және қатты сілкуді талап етеді. Медицина қызметкері Бианли препаратын бір реттік инъекция арқылы енгізуі тиіс. - Дозаны бірнеше инъекцияға бөлуге болмайды. Бианли препараты тек бөксе бұлшықетіне бұлшықет ішіне енгізуге арналған. - Қантамырға түсіп кетуін болдырмау үшін

	бұлшықетке баяу, терең енгізіңіз.
Дозалау режимі	Бианли препаратын әр 6 айда бір рет енгізу керек.
Жұқа жақтаулы қауіпсіз ине	Жиынтыққа кіретін жұқа жақтаулы қауіпсіз инені ғана пайдалану маңызды. Бұл ине тек Бианли препаратымен пайдалануға арналған.

Қаптаманың ішіндегісі



Жұқа жақтаулы қауіпсіз ине

1. Инъекцияға дайындық

Препараттың жоғары концентрациясын ескере отырып, біртекті суспензия алу үшін белгілі бір кезеңдерді орындау қажет.



Әрқашан шприцті оның ұшындағы қалпақша жоғары қарайтындай етіп ұстау керек.



СООТВЕТСТВУЕТ ЭКСПЕРТНОМУ ОТЧЕТУ

от 24.04.2025 № 10939
(ПОСЛЕДОВАТЕЛЬНОСТЬ 0005)

Толығымен біртекті суспензия алу үшін шприцті келесідей сілкіңіз:

- Қысқа әрі ӨТЕ ЖЫЛДАМ жоғары, содан кейін төмен қарай қимылдармен.

- Қол ұшын босаңсыту. Шприцті ӨТЕ ЖЫЛДАМ қимылдармен кем дегенде 15 секунд бойы сілкіңіз, содан кейін шамалы уақытқа тоқтап, содан кейін 15 секунд бойы қайтадан сілкіңіз.

Егер инъекция жасар алдында 5 минуттан астам уақыт өтсе, біртекті суспензияның қалыптасуына қол жеткізу үшін қалпақшаны жоғары қаратып ұстап, тағы да кемінде 30 секунд бойы шприцті ӨТЕ ЖЫЛДАМ сілкіңіз.

Суспензияны қатты бөлшектердің бар болу тұрғысынан тексеру



Жақсы араластырылған



- Біртекті, қою, сүтті-ақ суспензия
- Ауа көпіршіктерінің болуына жол беріледі

Жеткілікті түрде араластырылмаған



! ТОҚТА



- Шприцтің жақтаулары мен үстіңгі бөлігінде қатты түрдегі препарат
- Біркелкі араластырылмаған
- Оңай қозғалатын сұйықтық

Препарат ұйындылар түзуі мүмкін. Мұндай жағдайда, шприцті қалпақшаны жоғары қаратып тұрып, қарқынды түрде 15 секунд бойы шприцті сілкіңіз, сосын тоқтаңыз да, одан кейін тағы 15 секунд бойы сілкіңіз.

Инесі бар қаптаманы ашыңыз

Пакеттегі қорғаныш қабатын бүгіңіз.

Ішінде инесі бар пакетті таза беткейге орналастырыңыз.





Шприцтің ұшындағы қалпақшаны шешіп, инені жалғаңыз

1. Шприцті қалпақшасы бар ұшын жоғары қарайтындай етіп ұстаңыз.
2. Қалпақшаны бұраңыз және тартыңыз.
3. Шприцті Люэрдің конусынан ұстап тұрыңыз (иненің бекітілген жері).
4. Сағат тілімен абайлап айналдыру арқылы оған қауіпсіз инені жалғаңыз.

Жиынтыққа кіретін инені ғана пайдаланыңыз.

1. Поршеньді артқа тартыңыз.
2. Шприцті тік қалпында ұстап тұрыңыз.
3. Шприцтің ұшын қатты бөлшектерден тазарту үшін поршеньді абайлап артқа тартыңыз. Бұл инъекция жасаған кезде поршеньге басуды жеңілдетеді.




Ауа көпіршіктерін шығарыңыз

Иненің ұшында сұйықтық тамшылары пайда болғанша шприцтің поршенін ақырындап басып, ауаны шығарыңыз.

2. Ішіндегісін абайлап толықтай енгізіңіз және толық енгізілгеніне көз жеткізіңіз.

Бөксе бұлшықеті



Бөксеңіздің жоғарғы сыртқы квадрантындағы инъекцияға арналған орынды таңдаңыз және тазалаңыз.

Препаратты басқа ешқандай жолмен **енгізбеңіз.**

Инъекция аймағын спиртке малынған тампонмен сүртіңіз және құрғатыңыз.

Инъекция орнын тазалағаннан кейін оны **ұстамаңыз**, оған үрлеменіз немесе желпілдетпеңіз.

Иненің қорғаныш қалпақшасын шешіп алыңыз

Тікелей қимылмен иненің қорғаныш қалпақшасын шешіп алыңыз.

Қорғаныш қалпақшасын **бұрамаңыз**, себебі бұл иненің шприцке бекітілуін босаңсытуы мүмкін.



Инъекцияны баяу енгізіңіз және оның орындалғанына көз жеткізіңіз.



Баяу, қатты және біркелкі күш салып поршеньді тірелгенше басыңыз. Бұл шамамен 30-60 секундты алады. **Егер сіз қарсылықты байқасаңыз, поршеньге басуды жалғастырыңыз.** Бұл қалыпты болып табылады.

Ине бұлшықетте қалғанша, шприцтің барлық ішіндегісі енгізілгеніне көз жеткізіңіз.

Инені бұлшықеттен суырып алыңыз.

3. Инъекциядан кейін инені бекітіңіз

Инъекция аяқталғаннан кейін инені бас бармағыңыздың көмегімен немесе тегіс беткейге басу арқылы қауіпсіз құрылғыға бекітіңіз. Ине "сырт еткен дыбыс" естілгеннен кейін бекітілген деп саналады.



Тиісті утилизацияны жүргізіңіз және инъекция орнын тексеріңіз.

Шприцті өткір заттарға арналған контейнерге утилизациялау керек. Инъекция орнында аз мөлшерде қан немесе сұйықтық болуы мүмкін. Қан ағуы тоқтамағанша, мақта тампонын немесе дәке сүрткіні қоя тұрыңыз. Инъекция орнын ысқыламаңыз. Қажеттілігінше, бұласырмен жабыңыз.

СООТВЕТСТВУЕТ ЭКСПЕРТНОМУ ОТЧЕТУ
от 24.04.2025 № 10939
(ПОСЛЕДОВАТЕЛЬНОСТЬ 0005)

ТІГІЛГЕН, НӨМІРЛЕНГЕН ЖӘНЕ МӨРМЕН
БЕКІТІЛГЕН /
ПРОШИТО, ПРОНУМЕРОВАНО ЖӘНЕ СҚРЕПЛЕНО
ПЕЧАТҚА

(на _____)

ПАРАҒА

КҮНІ / ДАТА

